

2012 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 69 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 мамырда № 7-11-163 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 08.01.2013 № 4 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес, Тасқала ауданындағы ведомствоаралық комиссия жиналысының 2012 жылғы 21 наурыздағы № 1 хаттамасы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі аудан аумағында 2012 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Тасқала ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Серғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Қ. Мусин*

А у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 7 с ә у і р д е г і
№ 69 қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық

**аймақтар бөлігіндегі аудан аумағында 2012 жылғы
егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының
оңтайлы мерзімдері**

№	Өсімдік өнімдерінің түрлері	ш а р у а ш ы л ы ғ ы	Оңтайлы мерзімдері	
			басталуы	аяқталуы
құрғақ дала аймағы				
1	Жаздық бидай	1 мамыр	10 маусым	
2	Арпа	1 мамыр	10 маусым	
3	Тары	10 мамыр	10 маусым	
4	Күнбағыс	10 мамыр	10 маусым	
5	Күздік бидай	10 тамыз	10 қыркүйек	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК